



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№3 (189), 2024
Наурыз
Март

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Бектасова, Б. Атаманова, Ж. Қайрат

Lesson Study өткізу тәжірибесінен: Canvas сайтын қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі оқыту дағдысын дамыту 3

А. Ескендірова, Г. Есимсеитова, Ж. Касиенова, А. Лукманова, Г. Махметова
Мәтінмен жұмыс жасаудың тәсілдері оқушылардың білімді қолдану дағдыларын қаншалықты дамыта алады? 6

Б. Әкірам

Өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігі..... 10

С. Карсыбекова

Демонстрациялық емтихан: WorldSkills талаптары, құзыреттілікті айқындауға бағытталған тапсырмалар 11

Г. Шаймердинова

Сөйлеу құзыреттілігін дамыту..... 14

К. Омаров

Салауатты өмір салты – оқушылардың денсаулығы мен шымырлығының кепілі 16

Е. Васенёва, Л. Виноградова, В. Корецкая

Развитие мотивации обучающихся в начальной школе..... 18

З. Идрисова

Приемы эффективного обучения математике в начальной школе..... 21

А. Рахимова

Информационно-коммуникативная компетенция – ключевое понятие современного начального образования 24

А. Ковалёв, В. Соболева

Развитие навыка самообучения (умение работать с информацией) через применение технологии проективного обучения (карточка-схема) на уроках математики..... 26

Е. Стешенко

Формирование читательской грамотности на уроках обучения грамоте..... 29

Т. Стеценко, В. Жаканина, Е. Аринович

Применение цифровых технологий в игровых вокальных техниках на уроках музыки и занятиях дополнительного образования»..... 31

Г. Куспанова

«Портрет моей мамы» посвященный 8 Марта..... 36

А. Ахметова

Қазақстан тарихы пәнінен білім берудің сапасын жетілдіруде түрлі әдістерді қолданудың тиімділігі 39

А. Данлыбаева

Шырақтың ерлігі..... 40

К. Жумадилов

Қазақтың ұлттық және қозғалыс ойындары 43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ
журналы**

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

14.03.2024 ж.

Сандық басылым.

Тапсырысы: 322.

Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел:

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 14.03.2024 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Lesson Study өткізу тәжірибесінен: Canvas сайтын қолдану арқылы оқушы- лардың өзін-өзі оқыту дағдысын дамыту

Аңдатпа

Бұл мақалада біз математика сабағында «Canvas сайтын қолдану оқушылардың өзін-өзі оқыту дағдысын қалай дамытады?» сұрағы аясында өткізілген сабақты зерттеу бойынша аралық нәтижелермен бөлісетін боламыз.

Түйін сөздер: цифрлық ресурстар, өзін-өзі оқыту, зерттеу сабағы, электронды оқыту ортасы.

Математика ғылымының дамуы, технологиялардың дамуымен қатар келе жатыр. Қазіргі таңда, сөзсіз, жасөспірімдер мен цифрлық технологияларда қатар келуде. Сондықтан цифрлық ресурстарды математика сабақтарында қолдану, мұғалімдерге математикалық контентті оқушыларға сапалы да, қызықты үйретуіне көмектесері анық. Бірақ шындығында келгенде, цифрлық ресурстарды математика сабағына енгізу, жай ғана әртүрлі гаджеттерді енгізу болып табылмайды. Әсіресе, егер оқушыларды сабаққа толыққанды қатыстырғымыз келсе, бізге көбірек жұмыс атқару қажет.

Математика сабақтарына цифрлық ресурстарды интеграциялау келесі мүмкіндіктерге жол ашады: Дербес оқыту: оқушылар өз темпінде жұмыс істей алады және жеке ұсыныстар мен кері байланыс алады. Ынтымақтастық: Өздерінің физикалық мекенжайларына қарамастан, оқушылар бірлесіп жұмыс атқара алады. Мұғалімнің уақытын үнемдеу: технологиялар мұғалімге оқу үдерісін тиімді бағалауға көмектеседі, шынайы уақыт мезетінде кері байланыс беріп, оқушыларға қандай бағыт беру қажеттілігін түсінуге көмектеседі.

Lesson Study бұл тәжірибені жақсар-

тудың демократиялық тәсілі. Бұл үдеріс қалай жүзеге асады? Алдымен біз 11-сыныпта математика пәнінен сабақ беретін мұғалімдерден топ құрдық. Бұл сыныптарды таңдаудың себебі, оқушыларда төмен мотивация болуы мен сабақ үстінде тек кейбір оқушылардың белсендік танытуы мен үй жұмысын орындау пайызының төмендігімен байланысты болды. Сондықтан оқыту сайтын қолдану, ең біріншіден мотивация деңгейінің өсуіне, екіншіден барлық оқушыларды оқу процесіне тартуға ықпалын тигізеді деген болжам жасадық. Негізгі мақсатымыз оқыту әдістемесін жетілдіру және оқушылардың мотивациясы мен білім деңгейін арттыру болды.

Lesson Study үш циклдан құрылды және келесі кезеңдерді қамтыды: бірлесіп жоспарлау, зерттеу сабағын өткізу, бақылау, нәтижелерді жүйелеу, зерттеу сабағынан кейінгі сабақты жоспарлау. Әріптестер үш топ оқушыларына бақылау жүргізді. А оқушысы – пәндік білім деңгейі қанағаттанарлық, оқуға деген қызығушылық танытпайды, жауап беру кезінде өзін еркін ұстай алмайды, сұрақтарға жауап беруге ұялады; табыстылық критерийі – оқу үдерісіне тарту, қызығу-



шылығын арттыру. В оқушысы — үлгерімі орташа деңгейде, тапсырманы өздігінен орындауда жиі сұрақтар туындайды, белсенділік танытпайды; табыстылық критерийі — тапсырмаларды өздігінен орындау. С оқушысы — білім жоғары деңгейде, жан-жақты дамыған оқушы; табыстылық критерийі — өздігінен оқу, басқа оқушыларды оқыту.

Сабақтар циклін өткізбес бұрын Canvas сайтына әрбір тарау бойынша модульдері бар курс құралды. Модуль теория, мысалдар, өздігінен орындауға арналған тапсырмалардан тұрады. Әрбір оқушы алдын-ала логин мен құпия сөз арқылы курсқа тіркеледі.

Бірінші сабақ «Векторлық көбейтінді» тақырыбы бойынша өткізілді. Сабақ үстіндегі жұмыс бірнеше кезеңдерден тұрады деп жоспарланды.

Бірінші кезең — танысу кезеңі. Жаңа материалды меңгеру теориялық бөлімді


лар мен мұғалімнің қатысуымен талқыланды және анализ жасалды.

Төртінші кезең — шешім қабылдау. Қарастырылған шешімдердің анализі барысында қате немесе қажет емес шешімдер алып тасталынды, бірлесіп ең тиімді шешімдері таңдалды. Кері байланыс пен бағалау, бағдарды анықтау жұмысы жүзеге асырылды.

Өткізілген сабақтан кейінгі нәтижелерді талдау келесі сұрақтарға жауап беру арқылы ұйымдастырылды: Сіз әдетте бұл сабақты қалай өткізуші едіңіз? (Алдыңғы тәжірибе туралы ойлау). Сіздің ойыңызша оқушылар бұл концепция жайлы не біледі? (Оқушылардың алдыңғы тәжірибесін ойлау). Осы сабақтың соңында оқушылар не білу қажет еді? (Нақты мақсаттарға қол жеткізілді ме). Оқушыларда қандай бөгде ойлар пайда болды? (Сабақтың қай кезеңінде өзгеріс енгізуге тура келді). Оқушылардың сабаққа деген көзқарасы қандай болды? (Оқушылардың жауаптарына негізделе отырып).

Сабақтың анализін жасау барысында келесі артықшылықтар атап өтілді: дәстүрлі сабақпен салыстырғанда, электронды ортада жұмыс істеу жаңа тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды тарату және тексеруге уақытты үнемдеуге ықпалын тигізді; Цифрлық ресурс оқушының дайындық деңгейіне байланысты тапсырмалардың

вариативтілік принципін жүзеге асыруды оңай ұйымдастыруға көмектеседі; оқу нәтижесін бағалаудың максималды шынайылығы мен шапшандылығы жүзеге асырылады. Алайда, сонымен қатар кейбір ұсыныстар да орын алды: мәселен, әрбір оқушы өз темпінде жұмыс атқарғандықтан, кейбір оқушылардың белгіленген уақыт кезеңінде қажетті деңгейде материалды ұғынуы іске аспады. Бірақ бұл мәселені сайт кез келген уақытта қол жетімді болуы арқасында және оқушы-



мүқият оқу, кілтті ұғымдарды белгілеуден тұрды.

Екінші кезең — жеке жұмыс. Белгіленген уақыт ішінде әрбір студент мысалдарды қарастырады, тапсырмаларды шешу идеяларын ойластырады, проблемалық жағдаяттан шығудың мүмкін нұсқаларын қарастырады.

Үшінші кезең — миға шабуыл. Оқу үдерісіне қатысушылар мүмкін идеялар мен тапсырмаларды шешу нұсқаларымен бөлісті, жазбалар жасалды, оқушы-



ның сабақтан тыс уақытта жұмыс істеу мүмкіндігі арқылы шешуге болады деген ұсыныс жасалды. Сонымен қатар, кейбір оқушылар тек мұғалімнің көмегімен ғана тапсырмаларды шешу нұсқаларын ұсына алды. Келесі жоспарланған сабаққа тапсырмалар түрін түрлендіру, жабық және ашық сұрақтар, анализ және синтез жасауға арналған тапсырмаларды енгізу туралы да ұсыныстар айтылды.

Оқушылардан алынған сауаланама нәтижесінде, бастапқы нәтижелерге қарағанда, аралық нәтижелер әлдеқайда қуантарлық болды.

деңгейді жетілдіру процессі екен деген түсінік келді. Егер сабақтың қандай да бір кезеңінде тандалған әдіс жұмыс істемей қалса, әріптестер рефлексия кезеңінде көмек беруге дайын, туындаған мәселені бірлесіп шешуге әлдеқайда жеңіл екеніне дәлел болды. Lesson Study мұғалімдер арасындағы тығыз ынтымақтастықты білдіреді, коллаборативті ортада ұстаздың көшбасшылық позициясы қалыптасады, мектепке деген көзқарасы өзгерді. Мектеп — бұл оқушылар мен мұ-

Сауалнама сұрақтары	Бастапқы кезең			Аралық кезең		
	79%	12%	9%	98%	2%	0%
Сабақтың мақсаттары түсінікті ме?	79%	12%	9%	98%	2%	0%
Сабақ барысында оқушылар бір-біріне қаншалықты жиі сұрақтар қояды?	21%	20%	59%	60%	35%	5%
Қосымша жеке тапсырмаларға уақыт қала ма?	27%	16%	57%	49%	18%	33%
Сабақта қолданылған тәсілдер тиімді ме?	25%	32%	43%	67%	30%	3%

Сонымен Lesson Study аясында жүргізілген оқу әрекетіне оқушылардың көзқарасының оң динамикасын байқауға болады. Оқушылардың басым бөлігі сабақтың мақсатын терең түсінгенін, сабақ барысында бір-бірімен ынтымақтастықтың күшейгенін, жеке қосымша жұмыс атқаруға мүмкіндік туғанын атап өтуде. Білімдері қанағаттанарлық деңгейдегінің өзіне деген сенімінің артуы байқалды. Мұғалімдер өз тарапынан, оқушылардың жетістіктеріне әсерін тигізетін оқу мотивациясының пайда болуын, қызығушылықтың пайда болуын атап өтті. Сабақты зерттеу әдетке айналған кезде, дайындық кезеңі тезірек жасалуы мүмкін. Мұғалімдердің де практикалық дағдылары аса түскен кезде, тандалған әдістің де тиімділігі арта түседі деген ой келді.

Сабақтан кейінгі жасалған өзіндік талдау барысында Lesson Study аяқталмайтын үдеріс, яғни бұл үзіліссіз кәсіби

мұғалімдер бірлесіп оқитын оқу қоғамдастығы деген тұжырымға келдік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2023-2024 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқау хат, 2023;
2. Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африкалық Республикасы), А. Тулепбаева (Қазақстан Республикасы). Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық, - Астана, 2013;
3. Hiroyuki Kuno, Conceptualizing Lesson Study as Change Management Recipe, 2011.

**А.С. БЕКТАСОВА,
Б.Ж. АТАМАНОВА,
Ж.Қ. ҚАЙРАТ,**

**Петропавл қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің математика пәні мұғалімдері.
Солтүстік Қазақстан облысы.**



Мәтінмен жұмыс жасаудың тәсілдері оқушылардың білімді қолдану дағдыларын қаншалықты дамыта алады?

Аңдатпа

Бұл мақалада 7-сынып оқушыларының бойында мәтінмен жұмыс кезінде әр түрлі әдіс-тәсілдердің көмегімен оқу сауаттылығын қалайша дамытатыны қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі Назарбаев Зияткерлік мектептің бағдарламасы аясында 7-сыныптың мұғалімдерінде туындаған мәселер: оқушыларының мәтінмен жұмыс кезінде, мәтіндегі негізгі ойларын, тірек сөздермен жұмыс және мәтіннің мазмұнын түсінбеушілігі мен оларды есте сақтау қабілеттері болды. Мақалада оқушылардың бойында туындаған мәселелерді шешу үшін 3 әдіс-тәсілдер мәтінмен жұмысы кезінде оқушылардың бойында қандай дағдыларын дамытуға көмектескені көрсетілген. Авторлардың таңдаған әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен кемшілігін, осы тәсілдерді қолдану кезінде ұсыныстарды береді. Мақалада Lesson Study-дің аясында өткізілген зерттеулердің талдаулар мен нәтижелері берілген. Осы зерттеудің жоспарына 4 сабақта қолданған әдістердің нәтижелері, әр сабаққа қатысқан бақылаушы топтардың бақылау парақтары, оқушылардан алынған сауалнамалардың нәтижелері, сабақта қолданған әр түрлі дидактикалық материалдар мен тоқсанның соңында алған білім сапасы жайында мәліметтер келтірілген.

Кілтті сөздер: мәтін, ақпарат, тірек сөздер, оқу сауаттылығы, академиялық тіл, командамен жұмыс, жұптық жұмыс, айтылым, тірек сызбалар.

Зерттеу мәселесі: 7-сынып мұғалімдерінің арасында көлденең жоспарлау кезінде 7-сыныпта оқитын оқушылар арасында мәтінмен жұмыста жоғары деңгейдегі оқушылар жаттанды түрде қолданса, орташа және төмен деңгейлі оқушылар мәтіндегі алған ақпаратты ТЖБ және БЖБ кезінде толыққанды дұрыс қолдана алмайтын. Себебі химия мен биология пәндерінде БЖБ мен ТЖБ спецификалары бойынша қойылатын талаптар «білу, түсіну, қолдану мен жоғары деңгей» дағдыларында оқушылар терминдерге нақты анықтаманы жазу, берілген биохимиялық процесстерге, суреттерге, сипаттама беру немесе түсіндіру, сәйкестендіру тестін орындау, кесте мен графиктер-

ге талдау жасауынан, есеп шығарудан қате жіберген. Ал дүние жүзі тарихы пәнінде оқушылар тарихи оқиға мен тұлғаларға баға беруге, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерді біліп, түсініп және жоғары деңгейдегі талдау жасауға, өз ойларын жеткізуге қиналған. Осы пәндердегі тапсырмалар оқушылардың бойында оқу сауаттылығы мен сыни-ойлауын дамытады.

Болжамы: Біздің шығармашылық топтармен осы мәселені шешу үшін Lesson Study жүргізу аясында мәтінмен жұмысты қызықтыруға арналған әдіс-тәсілдерді құрғанда, сабақ барысында мәтіндегі тірек-сөздерді, негізгі ойды іздеу кезінде, мәтінге сәйкес негізгі ақпаратты қалай есте сақтау маңыз-



дылығын оқушылардың және авторлардың алдында сабақ бергенде мақсат қойылды. 7-сыныпта беретін мұғалімдерінде жоғарыда айтылған мәселелер аз да болса, шешілетінін үміттендік. Бұл мәселені шешу үшін мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді әдістерді анықтауға жоспарладық.

Зерттеудің мақсаты: мәтінмен жұмыс әдістері арқылы оқушылардың білімді қолдану дағдыларын дамыту.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

1. Әдебиеттерге шолу жасау;
2. Фокус топты таңдау;
3. Мәтінмен жұмыс кезінде тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау;
4. Оқушылардан кіріс және шығыс сауалнама және сұхбат алу;
5. Сабақтарды жоспарлау мен бақылау;
6. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау.

Методология:

Мәтін арқылы оқытудың барлық мақсаттары олардың кешенінде жүзеге асырылады: коммуникативті, білім беру, дамыту, тәрбиелеу. Мәтінмен жұмыс кезінде оның нақты категориялары ескеріледі: семантикалық толықтығы, құрылымдық тұтастығы және коммуникативті бағыты, стилистикалық және жанрлық ерекшелігі, мәтін элементтері арасындағы байланыстың әр түрлі типтері, композициялық дизайн [1]. Мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың формалары мен әдістері, мысалы, кілтті сөздермен жұмыс, сөздерді сәйкестендіру, тұтас және тұтас емес мәтіндермен жұмыс, мәтінге кластерлер құрастыру, мәтінді талдау және тағы басқалар ең тиімді әдістері болып табылады [2].

Lesson Study 2-тоқсандағы 20 қараша мен 14 желтоқсан аралығында дүние жүзі тарихы, химия және биология пәндерінен 7 В сыныбында өткізілді. Таңдалған сыныбында оқу дағдылары (оқу, жазу және сөйлеу) бойынша үлгерімі жоғары (А студенті), ор-

таша (В студенті) және төмен (С оқушысы) фокус тобы анықталған. Lesson Study бағдарламасын қамтитын 3 цикл екенін ескере отырып, 3 сабақты және соңғы «рефлексивті сабақты» келесі әдіс-тәсілдері қолданылды:

- Мәтін бойынша кілтті сөздерді анықтау;
- Мәтін бойынша мәліметтерді (тұжырымдамаларды) сәйкестендіру;
- Тұтас және тұтас емес мәтіндермен жұмыс жасау әдістері.

Біз әр сабақтарда психологиялық сынақтардың нәтижелерін ескере отырып, сабақты ұйымдастырдық.

Дүние жүзі тарихынан «мәтін бойынша кілтті сөздерді анықтау» әдісі қолданылды. Бақылау аясында оңтайлы жақтары анықталды. Мысалы, «С» деңгейдегі оқушыға мәтіннің негізгі идеясын жылдам түсінуге, негізгі фактілерді анықтауға және сұрақтарға жауап беруге көмектесті. В және А деңгейдегі оқушылар қосымша «Черный мор» оқиғаның себеп-салдарын анықтауға үлгерді. Сұхбат кезінде оқушыларға маркерлермен кілтті сөздерді белгілеуге жұмыс үдерісі ұнағаны айтылды, өйткені негізгі фокус арқылы студенттердің оқу жылдамдығы және мәтіндегі толық ақпаратты меңгеруге, негізге аргументтерді анықтауға көмектесті. Зерттеу нәтижелерін талдау кезінде бақылаушылар «С» мен «В» деңгейдегі оқушыларды бөлек отырғызуға ұсынды, өйткені психологиялық темпераменттері бойынша бұл студенттер жұпта жұмыс істей алмады, талқылау кезеңі баяу және нәтижесіз өткен. Қосымша ұсыныстар: мәтінге қатысты тапсырмаларды қиындату, талдау дағдыларын дамытуға тапсырмаларын қосу. Тоқсандық бақылау нәтижелері бойынша өзгерістер анықталды. Мысалы, «С» деңгейдегі оқушыда 1-тоқсанда білім сапасы 57% көрсеткен болса, 2-тоқсанда 68% дейін жетті. «В» деңгейдегі оқушыда 1-тоқсанда білім сапасы 78% көрсеткен болса, 2-тоқсанда 89%



дейін жетті. «А» деңгейдегі оқушыда 1-тоқсанда білім сапасы 89% көрсеткен болса, 2-тоқсанда 92% дейін жетті.

Химия пәнінен мәтінді және сызбанұсқаларды қолданып сәйкестендіру әдісі қолданылды. Бұл әдісті қолдану кезінде С деңгейдегі оқушы жаңа тақырыптың мәтінімен жеке танысып, сызбанұсқа арқылы сутекті алу реакция теңдеулері үшін реагенттер мен өнімдер арасында сәйкестікті дәл орнатты, бірақ көп уақытты қажет етті. Тапсырмаларды талдау кезінде С деңгейіндегі оқушы тек бағытталған сұрақтарға жауап берді, ал өз бетімен талдауға қатыспады. А және В деңгейіндегі оқушылар мәтінді жүгіртіп оқып, тапсырмаларды орындауға бастады. Тапсырмаларды орындағанда қиындық туындамады, бірақ қосымша сұрақтар пайда болды. Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірге талдады, ал А және В деңгейдегі оқушылар талқылауға белсенді қатысты. Әдістің артықшылығы кез келген тақырыпта қолдану мүмкіндігі, сабақта аз уақыт қажет етеді және білім алушы өз білім деңгейін лезде тексере алады, қолжетімді және қосымша құрал-жабдықтың қажеті жоқ. Осы әдістің теріс жақтары: жұмыс парағын құрастыру кезінде толық нұсқаулықты жазу дифференциялауды алдын ала ойластыруды ұсынды. Сауалнамада оқушылар осы әдісті ұнатып таңдады, осы топта 2-тоқсанда 1-тоқсанға қарағанда білім сапасының өсуі байқалды.

Биология пәнінен тұтас және тұтас емес мәтіндері бойынша әдістер 3 сабақта қолданылды. Тұтас мәтін кезінде кілтті сөздердің астын сызғанда А және В деңгейдегі оқушылар тапсырманы тез орындап, өз ойларын оңай жеткізе білді. Ал С деңгейдегі оқушы ауызша сөйлегенде, мұғалімнің көмегімен жауап берген. Бақылаудың нәтижесінде, бұл әдістің тиімді жақтары: мұғалім оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін (аудиал, визуалдарға) көңіл бөліп, А мен С деңгейдегі оқушыларына бұл тапсырма

оңайлықпен беріліп, қателерді аз жіберді. А деңгейдегі оқушы визуал – 2 қате жіберсе, С деңгейдегі оқушы аудиал – 6 қате жіберді. Ал В деңгейдегі оқушы кинестетик – 10 қате жіберген. В деңгейдегі оқушы бейнежазбаның жылдамдығына үлгермей, көп қате жіберген. 4 сабаққа берілген ұсыныстар: Тұтас мәтін бойынша «Timed Round Robin», әдісін пайдалана отырып, А, В, С деңгейдегі оқушыларды сөйлетіп, олардың жауаптарын өзара салыстыру. Сонымен қатар жазбаша жұмыста «Сималтиниус раунд тейбл» сызбаны толықтыру. Оқушылардан сұхбат алынған кезінде, оқушыларға бейнежазбамен жұмыс көбірек ұнады.

Қорытынды 4 сабақта – Биология пәнінде «Тыныс алу» мен «Бөліп шығару» бөлімдерін қайталау сабағы өткізілді. Әріптестердің ұсыныстары бойынша тұтас мәтін бойынша «Timed Round Robin» кезінде оқушыларға таныс «Тыныс алудың тірі организмдер үшін маңызы» тұтас мәтін бойынша А деңгейдегі оқушы өз сөзімен түсінгенін айтуды тырысты, В мен С деңгейдегі оқушылар дәптерге қарап, түсіндірді. Бұл әдіс оқушылардың бойында айтылым дағдысы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына септігін тигізді. Ал жазбаша жұмыста «Сималтиниус раунд тейбл» сызбаны толықтыру кезінде А деңгейдегі оқушы қатесіз, әрі жылдам орындады, В деңгейдегі оқушы 3-4 қате жіберіп, баяу темппен орындап, 5-6 қате жіберген, ал С деңгейдегі оқушы, бастапқы кезде үлгермей отырды, кейін өзінің жылдамдығын қосып, тез орындады (6 қате). Бұл әдіс сұхбат және сауалнама кезінде В деңгейдегі оқушыға қатты ұнаған. І тоқсандағы болған нәтижелері: А деңгейдегі оқушы – «4»-ке шықса, В деңгейдегі оқушы «3», ал С деңгейдегі оқушы – «2» шықты. 2 тоқсанда оқушыларда өсу байқалды – А деңгейдегі оқушы – «5», В деңгейдегі оқушы – «4» С деңгейдегі оқушы – «3» -ке көтерілді.

Зерттеу нәтижелері:

Оқушылардан кіріс және шығыс сауална-



масы алынды. Кіріс сауалнамада төмендегі талдауларға назар аударуға болады:

№1 «Сабақта жаңа материалды оқу барысында қандай қиындықтар туындайды?» сұрақтың қойылу мақсаты: 7-сынып оқушылары біздің мектепте алғаш рет аттанғандықтан, оқу процесіне көптеген жаңа пәндер кіргізілді. Солардың қатарына химия мен биология да бар. Осы сұраққа оқушылар шынайы жауап беруге тырысты. Олардың жауаптары келесідей болды: Жоғары деңгейдегі оқушылар: «Топпен мәліметті айту, бірақ ол қызықты», «Қиын тақырыптар», «Тақырыпты түсінбеу». Орташа деңгейдегі оқушылар: «Барлық ақпаратты жазып үлгермеу». Төмен деңгейдегі оқушылар: «Жаңа ақпаратты қабылдау». №2 «Сабақта қандай жұмыс формасы ұнайды?» сұрақтың қойылу мақсаты: оқушылар сабақта жұмыс істеген кезінде, жаңа тақырыпты қалай қабылдай алатыны жайлы білгіміз келді. 38% жұптық жұмыс, топтық және фронтальды жұмыс – 25%, жеке жұмысты – 13% жауап берді. Жалпы сыныпта 8 оқушы оқиды. №3 «Мәтінмен жұмыс істегенде қандай қиындықтар немесе мәселелер туындайды?» деген сұрақ – диагностикалық сұрақ ретінде болды. 3 оқушы «ешқандай», қалған оқушылар мәтінмен жұмыс істегенде, оны оқу үшін аз уақыт берілетінін, ақпарат көп берілетінін, терминдерді түсінбейтінін және ақпарат іздеп таба алмайтынын айтты. №4 «Мәтіннен негізгі ойды анықтай аласың ба?» 4 оқушы анықтай алатынын, бір оқушы жартылай, бір оқушы тақырыпқа байланысты, бір оқушы егер ақпарат көп берілсе, онда негізгі ойды таба алмайтынын айтты. «Шығыс тесттің нәтижесі» берілген. Яғни 4 сабақта мұғалімдер әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылардан қандай әдіс ұнағанын сұрап шықтық, себебі болашақтағы сабақтарда оқушылардың сабақты меңгеру үшін олардың ойларын ескеру керек.

Қорытынды: 4 сабақта қолданылған мә-

тінмен жұмыста, біздің болжамымыз орындалды. Яғни мәтінмен жұмыс кезінде «Мәліметтерді сәйкестендіру», «Timed Round Robin» атты әдістерді пайдаланған кезде, оқушылар үшін тиімді болды. Осы әдістерді қолдана отырып, А, В, С оқушылары БЖБ мен ТЖБ жұмыстарды орындаған кезінде олардың білім сапалары көтерілді. 2-тоқсанда дүние жүзі тарихынан С деңгейдегі оқушы «4»-ке, А және В деңгейдегі оқушылар «5»-ке шықты, химия пәнінен С және В деңгейдегі оқушылар «4»-ке шықса, ал А деңгейдегі оқушы «5»-ке шықты, биологиядан «С» деңгейдегі оқушы «3»-ке шықты (бағасы І тоқсанға қарағанда, көтерілді), В деңгейдегі оқушы «4»-ке, ал А деңгейдегі оқушы «5»-ке шықты.

Әдебиеттер:

1. Васильева В.В., Ежова Е.В. Курс-практикум «Работа с текстом» // Педагогика: традиции и инновации: материалы IV междунар. науч. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.). – Челябинск: Два комсомольца, 2013. – С. 200-204.
2. Москвитина, Т.Н. Ключевые слова и их функции в научном тексте // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2009. – №11.

Анар Зиятовна ЕСКЕНДИРОВА,
Гульжан Бекжановна ЕСИМСЕИТОВА,
биология пәні мұғалімдері.
Жанар Бериковна КАСИЕНОВА,
дүние жүзі тарихы мұғалімі.
Аида Маратовна ЛУКМАНОВА,
Гульнар Маратовна МАХМЕТОВА,
химия пәні мұғалімдері.
Петропавл қаласындағы химия-биология
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы.



Өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігі

Педогогтың кәсіби құзіреттілігі — оның жан-жақты білімі мен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Менің ойымша, белгілі бір мамандықты оқытатын педагог өз ісінің хас шебері болуы керек, жоғарғы білімімен қоса өндірістегі тәжірибесі мол болуы керек. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын өндірістік оқыту шеберлері білім алушылардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында өз мамандықтары бойынша өндіріс орындарымен тығыз байланыста болуы қажет. Мен өзім «Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» МҚКҚ-ның «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының өндірістік оқыту шебері болып қызмет атқарамын. Өз жұмысыма өте жауапкершілікпен қарап, колледжіміздің білімалушылары жоғарғы деңгейдегі қонақүйлер мен мейрамханаларда тәжірибелік дағдыларын дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының ең

ірі қонақүйлері мен мейрамханаларын әлеуметтік серіктес ретінде тарттым. Атап өтетін болсақ: «Қазақстан», «Достық», «The Ritz Carlton Almaty», «Intercontinental Almaty», «Rixos Almaty», «Royal Tulip Almaty», «Holiday Inn Almaty» қонақүйлері және «Sandyq» мейрамханасы мен үлкенді кішілі мейрамханалар. Аталмыш кәсіпорындарда білімалушыларымыз дуалды жүйе бойынша тәжірибеден өтіп, кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын нығайтады. Осы кәсіпорындардың бас аспаздарымен тығыз байланыста болып, мейрамханалар мен цехтардың жұмыс жасау жүйелерін жетік меңгеруге тырысамын. Аталған қонақүйлердің ішінде аты аңызға айналған: «Қазақстан» қонақүйін алатын болсақ, ол 1977 жылы бой көтерген, Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысы ескерткіші, Алматы қаласының символына айналған. Бұл қо-





накүй туралы кітап жазуға болады, дегенмен қонақүйдің жүрегіне айналған мейрамханалардың жұмысына тоқтала кетсек: жалпы, қонақүйде бірнеше мейрамханалар мен банкет залдар үздіксіз жұмыс жасап тұр. Барлық цехтар заман талабына сай өндірістік сөрелермен жабдықталған. Негізгі асхананың қуаттылығы күніне 1000 адамға банкет, 500 адамға таңғы ас жіберуге қауқарлы. Сонымен қатар, негізгі а-ля карт, room-service тапсырыстары осы асханадан жіберіледі. «Қазақстан» қонақүйінің негізгі мейрамханасы «Balcony brasserie» және банкет залдар «Grand Ballroom Almaty», «Grand Pallace Almaty», мейрамханаларының бас аспазы, Алматы Технологиялық Университетінің тағам өндірісі факультетінің 1997 жылғы түлегі — Айгүл Рахымжанқызы Үсенбай басқарады. Бас аспаз — ұлттық және шет ел асханасының озық технологиясы мен техникасын, сонымен қатар өндірістік есеп-қисап жұмыстарын жетік меңгерген білікті маман.

Техникалық және кәсіптік білім беру жү-

йесіне әлеуметтік серіктестерді тарту шеңберінде тек қана еліміздің кәсіпорындарымен шектеліп қана қоймай, Ресей, Түркия елдерінің ірі кәсіпорындарымен де тығыз жұмыс жасаймыз. Жақында ғана Түркия елінің Кемер қаласында орналасқан «Kemer Holiday Club» 5 жұлдызды қонақүйіне білімалушыларды кәсіптік тәжірибеден өту үшін орналастырып, қонақүй аспаздарымен тәжірибе алмасып, шебер сыныптар көрсетіп, ұлттық тағамдарымызды дәріптеп қайттым. Білім алушыларымыз кәсіптік тәжірибеден ғана өтіп қоймай, жұмыс жасап, материалдық тұрғыдан да өздерін дамытуда.

Батыржан Бауыржанұлы ӘКІРАМ,
«Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» МКҚК
өндірістік оқыту шебері,
«Үздік педагог — 2023» атағының иегері.
Алматы қаласы.



Демонстрациялық емтихан: WorldSkills талантары, құзыреттілікті айқындауға бағытталған тапсырмалар



**Салтанат Канатовна
КАРСЫБЕКОВА,**
Алматы облысының
қызмет көрсету
және тамақтандыру
саласындағы иннова-
циялық
технологиялар коллед-
жі МКҚК өндірістік
оқыту шебері.
Алматы қаласы.



құндылықтар болып табылады. Қазақстанда халықаралық деңгейдегі болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие және бағдарламалар мен қозғалыс бағдарламаларының тұжырымдамалық негіздері бекітілді және нақты іске асырылуда. Кәсіби білім берудің және кәсіптік білім берудің осындай сапасын WorldSkills Kazakhstan қозғалысы қамтамасыз етеді, ол жаһандық шең-

Бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын



бердегі білім беру процестерінің өзара байланысын анықтайды. Бүгінгі таңда бұл қозғалыс Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырылуда. WorldSkills стандарттары бүкіл әлемде мойындалды. Бұл әр мамандық үшін параметрлердің массасын ескеретін баллдағы бағалау жүйесі.

Қазақстанда биылғы жылы студенттердің практикалық дағдыларын сапалы және жан-жақты бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихан түрінде WorldSkills тәсіліне сәйкес студенттерді қорытынды бағалау жүйесі іске қосылды. Бұл емтихан колледж түлектерінің белгілі бір салада кәсіби қызмет жүргізуге және халықаралық стандарттарға сәйкес нақты мамандық бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім және тәжірибе деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі. WorldSkills Kazakhstan аймақтық, ұлттық чемпионаттары демонстрациялық емтихандарды қабылдаудың жаңа жүйесіне көшуге себеп болды.

Заманауи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие мамандар даярлауда - халықаралық стандарттарды, оқу бағдарламаларына енгізудің мәні зор. Worldskills қозғалысы жұмысшы мамандықтарын дайындауда әлем елдері арасында кеңінен танылған бірегей қозғалыс болғандықтан, Worldskills стандарттары оқу бағдарламаларына біздің елімізде кеңінен қолданысқа еніп жатыр. Тіпті, қазіргі таңда Worldskills стандарттарын негізге ала отырып білім алған білімгерлер білімін, дәстүрлі мемлекеттік емтихан немесе дипломдық жұмыспен тексеру өзектілігін жоғалтқан. Сондықтанда, демонстрациялық емтихандарды дұрыс ұйымдастыру мен қабылдаудың маңызы артқан.

Кәсіптік білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерінің бірі кадрларды даярлау сапасын арттыру болып табылады. Осыған байланысты тәуелсіз бағалау сипатын іске асыратын білім беру және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес келетін білім беру нәтижелерін бағалаудың жаңа құзыреттілікке бағытталған форматтарын енгізу ерекше өзектілікке ие. Барлық осы талаптарға жауап беретін білім беру нәтижелерін бағалаудың жаңа

форматы WorldSkills халықаралық жарыстары шеңберіндегі жалпы және кәсіби құзыреттерді бағалау стандарттарына негізделген демонстрациялық емтихан болып табылады.

Демонстрациялық емтихан — білім алушының алған білімі мен игерген дағдысын дәлелдеуге арналған таптырмас құрал. Білімгер теориялық сабақтарда алған білімін толықтай көрсетумен қатар, практикалық сабақтар нәтижесінде қалыптасқан біліктілігінде анық көрсете отырып, бағалау критерилерінің арқасында өзі орындаған жұмысқа сай әділ бағасын алады.

Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру бірнеше кезеңдерден тұрады:

- демонстрациялық емтихан тапсырмаларын әзірлеу;
- демонстрациялық емтихан өтетін жұмыс орындарын дайындау;
- қажетті материалдар шығынын және құралдар мен қондырғыларды дайындау;
- CIS бағдарламасына қатысушылар туралы ақпараттар мен тапсырмаларды бағалау критерилерін енгізу;
- бір студентке қажетті тулбокс жиынтығын әзірлеу;
- демонстрациялық емтиханды қабылдайтын құрамды жасақтау;
- демонстрациялық емтихан кезінде жұмыс орынындағы қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру;
- жұмысты қабылдау, бағалау;
- CIS бағдарламасына жинаған баллдарын енгізу.

Дайындық процесі бірнеше кезеңге бөлінеді: іріктеу кезеңі, конкурстық тапсырмаларға дайындық кезеңі және апробациялау кезеңі.

• **Іріктеу кезеңі.** Мұны дайындық кезеңі ретінде сипаттауға болады, өйткені WorldSkills қозғалысының мақсаты, чемпионаттың ерекшеліктері таныстырылады. Студенттерді байқау тапсырмаларын орындауға, чемпионаттар мен демоэкзамендерге ерікті ретінде тартқан жөн.

• Қатысушыларды таңдауға негіз болатын бірнеше параметрлерді бөліп көрсету керек.



- **Мотивация** — бұл чемпионаттарға қатысуға, көп уақыт жұмсауға, эмоционалды, физикалық қиындықтарға қарамастан, кәсіби дамуға деген ұмтылыс.

- **Мамандықты игеру** — тандалған мамандықта дағдыларын жетілдіру перспективасы.

- **Оқу қабілеті** — маңызды параметрлердің бірі. Өйткені ол тыңдау қабілетін және сындарлы сынға, өзін-өзі сыни тұрғыда бағалауды қамтиды. Әрбір қатысушы кәсіби салада салауатты амбицияларға, басымдықтарды белгілеуге қабілетті болуы керек.

- **Психологиялық тұрақтылық** — байқау барысында тапсырмаларды орындау барысында жұмыс сапасын сақтау мүмкіндігі.

- Осы параметрлерге сүйене отырып, бірнеше кандидатты тандап, олармен келесі кезеңдерде жұмысты жалғастыру қажет.

- **Конкурстық тапсырмаларға дайындық кезеңі.** Құжаттармен жұмыс: WSS стандарттарымен және техникалық құжаттамамен танысу. Осы **кезеңде** техникалық құжаттаманы қарастыру қажет.

- Техникалық сипаттама. Мұнда технологиялар мен дағдылардың "шеңбері", біліктілігі мен жұмыс көлемі, құзыреттілікті басқару және коммуникация, қауіпсіздік техникасының салалық талаптары көрсетіледі.

- Конкурстық тапсырма. Мұнда қатысушының бөлінген уақыт ішінде орындауы тиіс нақты міндеттері, сондай-ақ бағалауға әсер ететін шарттар толық сипатталады; конкурстық тапсырманы орындауға 15-тен 22 сағатқа дейін бөлінеді. Байқау тапсырмасы модульдерге бөлінген. Модульдердің әрқайсысының өз салмағы бар.

- Бағалау критерийлері. Бағалау критерийлері аспектілерден тұрады. Әр аспектінің өз салмағы бар.

- Инфрақұрылымдық парақ. Инфрақұрылымдық парақта барлық жабдықтардың, құрал-саймандардың және шығыс материалдарының тізбесі көрсетіледі.

- Этика кодексі. WorldSkills мінез-құлық нормалары мен этикалық стандарттарын белгілейді, оларды жарыстарға қатысу шеңберінде, оларға дайындық кезеңінде және жарыс-

тар өткізілгеннен кейін шешімдер қабылдау кезінде басшылыққа алу керек.

- **Апробация кезеңі.** Апробация кезеңі кандидаттарды оқытуға бағытталған, ол қатысушылардың дағдылары мен қабілеттерін талдауды, жаттығу іс-шараларын өткізуді, нәтижелерді бақылауды қамтиды. Осы іс-шаралардың қорытындысы бойынша бақылау жүзеге асырылады, ол алдағы чемпионатқа қатысу үшін бір кандидатты таңдауға мүмкіндік береді. Бақылау WorldSkills чемпионатының стандарттары бойынша барлық модульдер немесе қысқартылған нұсқада іріктеу турын өткізу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Тандалған қатысушыны одан әрі даярлау үшін жеке жаттығулар кестесі жасалады. Ол теориялық деңгейді арттыруға, практикалық дағдыларды дамытуға, қатысушының физикалық және эмоционалды жағдайын нығайтуға бағытталған, сонымен қатар жұмыс нәтижелерін жүйелі түрде есепке алу, талдау және жалпылау жүзеге асырылады.

- Студентті чемпионатқа дайындау спортшының Олимпиада ойындарына дайындығына ұқсас күнделікті, көп сағаттық практикалық тапсырмаларды орындауды қажет етеді. Оқытушы — тәлімгер (эксперт-компатриот) мамандықтың кәсіби құзыреттілігі талаптарының және Worldskills стандарттар негізінде облыстық чемпионатқа қатысушының жеке дайындық бағдарламасын әзірлейді, оған мыналар кіреді:

- - біліктілікке қойылатын талаптар;
- - дайындық бағытының жоспары;
- - күнтізбелік-тақырыптық жоспар;
- - конкурстық тапсырмаларды орындау үшін қажетті жабдықтардың, көрнекі материалдардың тізбесі.

- Жеке дайындық бағдарламасы бойынша білім алушы қосымша ақпарат көздері — интернет-ресурстар, консультациялар, жеке практикалық тапсырмалар, арнайы оқу және өндірістік практика арқылы қажетті білім алуға және құзыреттілік бойынша жақсы нәтиже көрсетуге мүмкіндік береді.

- Дайындықты сапалы жүргізу үшін колледж өзінің бірлескен жұмыспен айналысуға



дайын жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестерін айқындауы қажет. Жұмыс берушінің базасында арнайы дайындықтан өткен қатысушылар чемпионаттарда жоғары нәтижелер көрсетіп, жеңіске жеткен статистикасы байқалады. Сондықтан әлеуметтік серіктестер өкілдерінің қатысуымен белгілі бір тақырыптар бойынша шеберлік сыныптарын өткізу әдістерін қолдану керек.

- Бұл дайындық жүйесі WorldSkills стандарттары бойынша чемпионаттарға қатысуға ең лайықты үміткерлерді тандауға мүмкіндік береді. Чемпионатқа дайындық сауатты тәсілді, көптеген қыр-сырларды білуді талап етеді. Бұл, шын мәнінде, конкурсант алатын білімнің тұтас кешені. Нәтижесінде біз өзгеріп жатқан еңбек жағдайларына тез бейімделе алатын бәсекеге қабілетті маман даярлаймыз.

Демонстрациялық емтихан тапсырмаларын әзірлеу әр құзреттіліктің ерекшелігіне сай өзгеріп отырады, негізінен тапсырмалардың сызбаларын орындауда Auto CAD бағдарламасының мүмкіндігі мол. Auto CAD бағдарламасында сызбаларды сызу, бояу және өлшемдерін қою жүзеге асырылып, PDF немесе Word форматтарында сақтауға болады.

Демонстрациялық емтихан өтетін жұмыс орынын дайындау құзреттіліктер ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Демонстрациялық емтихан тапсыратын құзреттілік модульдері бойынша арнайы стендтер, қабырғалар немесе аумақтар белгіленіп дайындалады.

Жұмыс орындарын дайындап алған соң, жұмыс орындарын қажетті құрылыс материалдарымен, арнайы станоктармен жабдықтау қажет.



Сөйлеу құзыреттілігін дамыту

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары жүйесі арқылы сыни ойлауды қалыптастыру қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға ықпал етеді, бұл оқу мен оқытудың нәтижелілігін арттыруға әкеледі.

Заманауи білім беру технологиялары призмасы арқылы сыни тұрғыдан ойлау — оқыту мен оқу сапасын арттыруға жетелейтін бастауыш сыныптағы заманауи қазақ тілі мұғалімінің құралы.

Сыни тұрғыдан ойлаудың концептуалды негіздерін, сыни тұрғыдан ойлау технологиясын және басқа да заманауи білім беру технологияларын кіріктіру шарттарын зерттей отырып, бұл технология оқыту мен оқу сапасын арттыруға арналған қазіргі заманғы өзекті құрал деген қорытындыға келдік.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану, біздің ойымызша, сабақтарды жандандырды, балалар өз білімдерін меңгеруде, мұқтаж жандарға көмек көрсетуде маңызды-

лығын сезінді. Олар өз бетінше, парасатты бола бастады, ақпаратты өмірлік маңызды аспектілерге байланыстыра алады, өздерінің және сыныптастарының жұмысын ғана емес, сонымен қатар шығармалар авторларының қызметін бағалай алады, өз пікірлерін айта алады. Бұл бір кезде қазақтың ұлы ақыны Абай айтқан жаңа заман адамының құнды қасиеттері: «Сыншыл ақылы бар, сараптауға қабілетті, керексізден керектіні ажырата білетін адам, әдетте, күшті рух иесі болады. Ал кім де кім естігені мен көргені туралы ойланбаса, ол жаңаны қабылдамақ түгілі, ескі танымдарын да жоғалтып алады».

Оқушыларда сыни ойлауды қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыра отырып, біз құзыреттілік тәсілдің бағытын зерттеуді шештік.

Дарынды баланың дарынды ересек болып өсуі үшін педагогикалық процесс дарынды баланың жеке басын сақтауға және оның дарындылығын қолдауға бағытталған педагогика-



калық қолдау режимінде оған өзінің танымдық тәжірибесін және өз қызметінің субъектісі болу құқығын беру арқылы құрылуы керек.

Шығармашылық өнімді жасауға арналған ақыл-ой операцияларының құралын меңгерген бала одан әрі жетілдіруге қызығушылық танытады. Ол белсенді, тәуелсіз, шығармашыл, сыни тұрғыдан ойлайды.

Ж.Ж. Руссоның «Баланың көру, ойлау және сезіну қабілеті ерекше; біздің осы қабілетімізді олардың бойынан өзгертуге әрекеттенуден асқан ақымақтық жоқ», - деген сөздері дұрыс.

Сөйлеу құзыреттілігін дамыту сабақтарының танымал негізгі модельдерін атауға болады:

- ойын жағдаяттары, іскерлік ойындар (қарым-қатынас жағдайында шарлау қабілетін қалыптастыру, оның ішінде өзінің коммуникативтік міндетін білу);
- импровизация (хабарламаның мазмұнын жоспарлау дағдысын қалыптастыру);
- проблемалық әңгіме (өз ойларын талдау және басқаларды түсіну қабілетін қалыптастырады);
- болжамды оқу (болып жатқан жағдайға жауапкершілікті өз мойнына алу және басқа адамнан ой айту қабілетін қалыптастырады);
- виртуалды серуендеу (еркін қиялды дамытады);
- педагогикалық шеберханалар (сөйлеуді, оның сұхбаттасушысының қабылдауын, сондай-ақ серіктестің сөйлеуін түсінуді өзін-өзі бақылауға көмектеседі);
- экспресс-жобаларды құру (газетке жариялау дағдысын қалыптастырады);
- брендтер құру (авторлық әдеби өнім жасау).

Ішкі сөйлеу деп аталатын сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру процесінде үлкен рөл атқарады: Мәселені шешкен кезде бала дауыстап емес, тек өзімен сөйлескендей, өзімен-өзі дәлелдейді. Осылайша, сөйлеу ойлау процесін зерттеудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді, сөйлеудің даму деңгейі оқушының ойлау дамуының маңызды критерийлерінің бірі ретінде де қолданылады. Мектеп

оқушыларының шығармашылық қиялын дамыту баланың эмоционалдық әлемін байытады, нәтижесінде сөйлеу қабілетін дамытады. Сондықтан шығармашылық қиялдың маңызды рөлі даусыз. Жаңа туралы кез келген білім бір нәрсені елестету және дерексіз бейнелермен ұғымдармен әрекет ету қажеттілігімен байланысты. Қалыптасқан қиял балаға әлемге жаңа, ерекше көзқарас береді.

Сыни тұрғыдан ойлау — бұл шығармашылық қиялды дамытудағы мұғалімнің құралы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың қажетті шарты. Құзыретті білім беру моделін іске асыруға бағытталған білім беру стандартында білім берудің ұлттық құндылықтары мен мақсаттары базалық құзыреттер мен өмірлік рөлдер түрінде тұжырымдалған:

- мейірімді адам;
- қамқор отбасы мүшесі;
- шығармашылық даралық;
- жауапты азамат;
- сау және жеке тұлғаны жақсарту.

